

**ӨНІМДІ (ПРОДАКШН ШЕРИНГ) "ЭРДЕЛЬ-ЭРДГАЗ ГОММЕРН ГМБХ"
ЖӘНЕ "СЕЛЕКТ ЭНЕРЖИ ТРЕЙДИНГ ГМБХ" (ГЕРМАНИЯ)
КОМПАНИЯЛАРЫМЕН БӨЛІСУ ШАРТТАРЫ НЕГІЗІНДЕ АТЫРАУ
ОБЛЫСЫНЫҢ ҚЫРЫҚМЫЛТЫҚ КЕН ОРНЫНДА МҰНАЙДЫ ЖЕТЕ
БАРЛАУ, ИГЕРУ ЖӘНЕ ОНЫ ӨНДІРУ ЖӨНІНДЕ КЕЛІСІМ ЖАСАУ
ТУРАЛЫ**

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ
1994 жылғы 22 сәуір N 427. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің 1995.09.13. N 1257 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Атырау облысын әлеуметтік-экономикалық дамыту бағдарламасын қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 12 мамырдағы N 382 қаулысын жүзеге асыру шегінде Атырау облысы әкімі ұсынған "Ембімұнайгаз" акционерлік қоғамының қатысуымен әзірлеген және республиканың мүдделі министрліктерімен және ведомстволарымен келісілген. Өнімді (продакшн шеринг) "Эрдель-Эрдгаз Гоммерн Гмбх" және "Селект Энержи Трейдинг Гмбх" (Германия) компанияларымен бөлісу шарттары негізінде Атырау облысының Қырықмылтық кен орнында мұнайды жете барлау, игеру және оны өндіру жөніндегі келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Атырау облысының әкімі мен "Ембімұнайгаз" акционерлік қоғамына аталған Келісімге қол қою және Басқарушы Комитетке Қазақстан жағынан өз өкілдерін тағайындау тапсырылсын.

3. Аталған қаулының 1, 2-тармақтарын орындау мақсатында Қазақстан жағының мұнай өткізуден алған пайдасының 50 проценті ішкі республикалық баға бойынша Атырау облысының әкіміне сатылсын.

4. Аталған қаулының 3-тармағын орындау мақсатында Қазақстан жағынан мұнай өткізуден алған пайдасының 50 проценті мемлекеттік бермелерді орындау үшін "Ембімұнайгаз" акционерлік қоғамына есептелетін болсын.

5. Роялтидің 50 проценті Атырау облысының әкіміне, ал 50

проценті "Ембімұнайгаз" акционерлік қоғамына бөлінсін.

(6-тармақ)

<*>

Ескерту. 6-тармақтың күші жойылды (1994 ж. 1 қыркүйек N 980
Қаз. Рес. Мин. Кабинетінің қаулысы)

7. Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігіне жасалған Келісімде жүзеге асыру барысында республиканың мүдделері сақталуына бақылау жасауды қамтамасыз ету тапсырылсын.

8. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары "Эрдель-Эрдгаз Гоммерн Гмбх" және "Селект Энержи Трейдинг Гмбх" (Германия) компанияларын аталған Келісім шегінде барлық қажетті лицензиялармен және рұқсаттамалармен қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі